

арх

АРХИВТІК  
КОР

# Turania

АЛЬМАНАҒЫ

№1 (01), 2005





Қазақстан  
Республикасының  
Президенті  
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

*- Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің  
басты факторларының бірі - еліміздің  
Мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың  
ана тілін одан әрі дамытуға бар  
күш-жігерімізді жұмсауымыз керек:*



*Альманағымыздың алғашқы саны  
Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайына арналады.*

Редакциялық кеңес төрағасы  
**Бауыржан ОМАРОВ**

Бас редактор  
**Сапарбай ПАРМАНҚҰЛ**

Бас редактордың орынбасары  
**Дархан ҚЫДЫРӘЛИ**

Жауапты хатшы  
**Ақеділ ТОЙШАҢҰЛЫ**

**Амангелді АЙТАЛЫ**

**Жазбек ӘБДИЕВ**

**Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ**

**Шамша БЕРКІМБАЕВА**

**Әнуарбек ЕРАЛЫ**

**Әлімхан ЖҮНІСБЕК**

**Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ**

**Ислам ЖЕМЕНЕЙ**

**Уәлихан ҚАЛИЖАН**

**Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ**

**Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ**

**Талғат МАМАШЕВ**

**Нәбижан МҰХАМЕТХАНҰЛЫ**

**Рымғали НҰРҒАЛИ**

**Күләш ШАМШИДИНОВА**



МЕНШІК ИЕСІ: Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті.

Альманах Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіндегі бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5974-А куәлігін алған.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

|            |                                                                      |
|------------|----------------------------------------------------------------------|
| <b>4</b>   | <b>Т. МАМАШЕВ.</b> Ағайынды қауыштырар ынтымақ                       |
| <b>7</b>   | <b>Д. ҚЫДЫРӘЛИ.</b> Тамыры терең туыстық                             |
| <b>10</b>  | <b>Б. ҚИНАЯТ.</b> Отандастар Атажұрттан не күтеді?                   |
| <b>14</b>  | <b>Д. КЕНЖЕТАЙ.</b> Қожа Ахмет Йасауи                                |
| <b>21</b>  | <b>З. ҚАБЫЛДИНОВ.</b> Омбы қазақтары                                 |
| <b>25</b>  | <b>Ж. БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ.</b> Арғытүрктік атамекендер                      |
| <b>36</b>  | <b>Р. БЕРДІБАЙ.</b> Түбі бір түркі тілі                              |
| <b>42</b>  | <b>Н. ҚОШКЕҰЛЫ.</b> Ардақтап өтем әкемді                             |
| <b>48</b>  | <b>Ә. ЕРАЛЫ.</b> Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!                    |
| <b>53</b>  | <b>С. БИЗАҚОВ.</b> Емле ережесін жетілдіру                           |
| <b>65</b>  | <b>Қ. КҮДЕРИНОВА.</b> 1929 жылғы латын жазуы                         |
| <b>71</b>  | <b>А. ИМАНҒАЗИНА.</b> Семасиология... қазақ тіл білімінде қалыптасуы |
| <b>80</b>  | <b>Ә. ӘБІЛАСАН.</b> Мұрағатын құпия сақтайтын көршілер               |
| <b>87</b>  | <b>С. МҰҒАЛІМЖАН.</b> «Ақыр Жәнібек» тарихи романының көркемдігі     |
| <b>91</b>  | <b>Н. ҚЫЗЫХАНҚЫЗЫ.</b> Аңшылық хикаялары                             |
| <b>96</b>  | <b>А. ТОЙШАНҰЛЫ.</b> Қалдаш жырау                                    |
| <b>99</b>  | <b>Ж. СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ.</b> Тілімнің жүрегі онсыз да тілім-тілім      |
| <b>104</b> | <b>А. ТӘЖІҒАЛИЕВА.</b> Махамбеттің «мендік» тұлғасы...               |
| <b>108</b> | <b>Ә. ДӘУЛЕТХАНҰЛЫ.</b> Қазақ шежірелері жайында                     |
| <b>112</b> | <b>І. ЖАНСҮГІРОВ.</b> Қазақ күйлері                                  |
| <b>114</b> | <b>С. РАХМЕТҰЛЫ.</b> Поэзия туралы түсінік                           |

Сейдін  
**БИЗАҚОВ**

*филология ғылымының докторы, профессор.*

# ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІН жетілдіру

Тәуелсіз егеменді ел болғанына 13 жыл толғанына қарамастан, қазақ тілінің әлі де мемлекетті басқару жүйесінде өзіне тиісті қызметін өз мәнінде атқара алмай, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айнала алмай, өз елімізде мешел күйге түсуі мерзімді баспасөзде ұдайы айтылып, ешкімді де бей-жай қалдырмай үлкен проблема күйінде қалып отырғаны белгілі. Мемлекеттік мәртебеге ие бола тұра ана тіліміздің қолдану аясының тарлығын, қызмет ету қауқарының төмендігін көп жылғы саяси бұғалықтың естен тандырып, табиғи үрдістен жаңылдырып кетуінен деп қана түсінетіндер бар. Қазақ тілін үйренуге үкімет тарапынан қатаң талап қойылсын, мемлекеттік тілмен қабаттастырмай орыс тілі ресми тіл дегенді конституциядан алып тастау керек деген ой-толғамдар да айтылып жүр.

Әлемдік тәжірибеге үңілсек, көп ұлттылығымен, көп конфессиялығымен Қазақстанға ұқсас малайзиялықтардың өз ана тілінің келелі мәселесінің шешімін тауып, мемлекеттік ортақ тіл деңгейіне жеткізуі, тіл туралы заңды жүзеге асыру тәсілі үлгі тұтарлық. Малайзия республикасы халқының саны 18 миллиондай (1999). Оның 46 пайызы малайлықтар, 36 пайызы қытайлықтар, 14 пайызы үндістандықтар (тамилдер), аздаған мон-кемер тілді халықтар мен еуропалықтар да бар. Ал біздің елімізде қазақтар 60 пайызға жуықтап қалды. Туыс тілді халықтармен қоса есептегенде халықтың үштен екісіндей мөлшерді құраймыз. Бұл жағынан алып қарағанда ана тілінің қолдану аясын кеңейте түсуге малайлықтардан гөрі біздің мүмкіндігіміз басымырақ болуға тиіс еді. Бірақ, өкінішке қарай, олай болмай отыр. Малайзияда болып, халықтың тұрмыс тіршілігімен танысып қайтқандар бұл елде тілді білуді ешкім міндеттемейтінін, тілдің қолдану саласын анықтау дегеннің де қажеттігі болмағанын ризалық сезіммен еске алады. Өйткені ел тәуелсіздікке ие болғаннан кейін мемлекеттік мәртебеге ие болған, ресми әрі ұлтаралық қатынас құралына айналған малай тілін білудің қажеттігі өз-өзінен туындаған.

«Кез-келген тілді зорлықпен таңып, күштеп үйретуден ешқандай нәтиже шықпайды, тек әлеуметтік шиеленіске ұрындырады» дегенді есте тұтқан үкімет басшылығының икемді тіл саясатын жүргізуі нәтижесінде, малай тілін мінбер тіліне, кеңсе тіліне, құжат тіліне айналдыруға бүкіл халықты жұмылдырылды. Малайлықтар мемлекеттік тілді білмейтіндер депутаттыққа сайланбасын, лауазымды қызметке тағайындалмасын деп мәселені төтесінен ашық қоймай, азаматтардың мемлекеттік тілді білу деңгейі анықталып, тілді білетіндер мен білмейтіндерге бір, үш, бес, он жылдық бөлек бағдарлама әзірленіп жүзеге асар нақты іс-шаралар белгіленіпті. Соның ішінде бір жылдық бағдарлама бойынша тіл білмейтін өзге ұлт өкілдері ең жиі қолданылатын үш жүз-төрт жүз сөзді жаттап, тілді шамалап түсінетіндей, леспе аударманы қажет етпейтіндей деңгейге жеткізіпті. Бұған керісінше, шетелден ешқандай делегаттар қатыспаса да, өз ішіміздегі мәжілістерде мемлекеттік тілден орыс тіліне леспе аударма жасайтын әлемдегі жалғыз мемлекетпіз. Бұл да болса орыс тілділердің қазақ тілін үйренуге деген қажеттілігіне кесе-көлденен болар жайт.

Ал біздің республикамызда мемлекеттік тіл деген аты ғана бар ана тіліміздің апшысы қуырылып, өрісі тарылып, қолдану шеңбері азайып, тұралап жатуының басты себебі, қазақ тілін үйренуге деген қажеттілікті тудырмаудың кесірінен екені белгілі болып отыр. Әділетіне көшсек, сол қажеттілікті болдырмай жүрген ел тізгінін ұстаған билік басындағы өз қандастарымыз.

Тағы бір келенсіздік — қандастарымыздың тіл үйренуге келгенде байқалатын құлықсыздығы мен енжарлығы. Ал Малайзияда араға небәрі 2-3 жыл

салып қана барлық мемлекеттік жұмыстар жергілікті орындардан бастап парламент пен жоғарғы басқару аппаратына дейін толығымен малай тілінде атқарылып, іс-қағаздары жер-жердің бәрінде малай тілінде толтырылатын болды. Осылайша малай тілін үйренуге үкімет тарапынан қажеттілік туғызып, өзге ұлт өкілдері тарапынан тіл үйренуге деген ынта-жігер қалыптастыру арқасында мемлекеттік мәртебеге ие болған малай тілін меңгермей қызмет баспалдағымен жоғары өрлей алмайтын жағдай еш қиындықсыз-ақ қалыптасқан. Біз болсақ тәуелсіздік алғаннан соң да көп жыл бойы парламенттегі және басқа да жоғары басқару орындарындағы мәжіліс мемлекеттік тілде емес, басқа тілде жүргізіліп келген әлемдегі жалғыз мемлекет болып келдік. Мұндайда «Егемен болмай ел оңбас, тәуелсіз болмай тіл оңбас» деген аталы сөз ойға оралады.

Біздегі қазақтардың өз ана тілінде сөйлемеуінің екі түрлі себебі бар. Көпшілігі еркін көсіліп сөйлей алмаймыз деп жасқанады. Тіл игеруге іргетасы (фундаменті) бола тұрса да, ана тілін жете меңгере түсуге құлық танытпау сияқты келенсіздіктің түп тамыры ұлтжандылық пен отаншылдық рухтың жетімсіздігінен екені кімге болса да мәлім. Атақты бір философ «ана тілін кастер тұту — білімділік пен отаншылдықтың басты белгісі» деген екен. Тіпті қазақ тіліне жетік қайсыбір депутаттардың орысша сөйлегенді жетістік санап, өз ана тілінде сөйлеуге қорланатындай, қымсынатындай кейіп танытатынын қайтерсің. Осы жағынан да әлемдегі жалғыз мемлекет біз болармыз сірә да. Бір қызығарлық фибратты жайт өз республикасынан тыс елде, Қазақстанда тұрып жатқан саны көп емес өзбек, ұйғыр, түрік, әзербайжан, курд, шешен, ингуш т.б. халық өкілдерінің өз ана тілінде сөйлей алмайтынын немесе өзара басқа тілде сөйлескенін кездестірген емеспін.

Өткен ғасырдың 30 жылдары Сәкен Сейфуллин ағамыз кейбір жарамсақ жағымпаздар өзін «жақсы коммунист» екен деп айтсын деп, қазақ тілінің мәртебесін көтере түскісі келгендерді «анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл» деп қарсы әрекеттерге бара бастағанын ашына әшкерелеген екен. Содан бері 70 жыл өткесін, 2004 жылдың наурыз айында «Сайлау туралы заң» жобасын даярлау барысында «Қазақ ұлтының, парламенттегі депутаттыққа үміткер азаматтары мемлекеттік тілді еркін меңгергендігі жайлы сынақ нәтижелерін ұсынады» деген қосымша тармақтың дауысқа қойылып, он шешімін таппағаны, оған қарсы дауыс бергендердің 80 пайызы өз қандастарымыздың болғаны тіл жанашырларының, қалың бұқараның жаппай наразылығын тудырғаны мәлім. «Сонау Кеңес өкіметі кезінен-ақ ана тілімізді үйретуге қажеттілік тудырмай отырған, оны өрге бастырмай, көгертпей отырған қазағымның өзі. «Өзге ұлттың қазақ тілін үйренуге деген ынта жігерін өз қолымызбен өшіріп келдік, қазақ тіліне тосқауыл қол-

дан жасалып отыр» деп айтып жүргеніміз тегін емес.

1955 жылы мектеп бітіріп, Алматыға келгенімізде білгеніміз барлық жоғары оқу орнына түсушілер, мейлі орыс мектебін, мейлі алыс ауылдағы қазақ мектебін бітірсін, бәрі бірдей орыс әдебиетінен шығарма жазады екен. Тіпті пединституттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсушілер де орыс тілінен жазбаша емтихан тапсыратын болған. Пединституттан басқа жоғары және орта оқу орындарында қазақ бөлімдері мүлде болмаған. Одактас республикалар ішіндегі тек Қазақстанда ғана орын алған мұндай жағдайдың әділетсіз екенін айтқандарға «Қазақтар ешқашан да өз ана тілін ұмытпайды. Сондықтан олар қиындық көріп қиналса да, тек орыс тілінде білім алып, орысша үйренсін» деп ақталатын он-он бес адамның арасынан бір қандас бауырымыз табылып, басқалардың пікірі ескерусіз қалатын. Тек істің әділетіне көшкен бірлі-жарым орыс зиялыларының қолдауы арқасында 1956 жылдан бастап талапкерлерге қазақ тілінде емтихан тапсыруға рұқсат етілді. Бірақ қазақша оқытатын бөлім ашылмады. 1960 жылдан бастап «қазақтар өз ана тілін ешқашан ұмытпайды» деп айту сап тыйылды. 1965 жылдан, әсіресе 70 жылдардан кейін, өз ана тілінде екі ауыз сөздің басын құрап сөйлей алмайтындар көбейіп барады деп жиірек алаңдаушылық білдіріп, 90 жылдардан кейін қазақтардың 40 пайызы өз ана тіліне шорқақ дегенге дейін барды. Мұның бәрі қазақ тілінің қолдану аясын барынша тарылтып, орыс тіліне ғана бір жақты артықшылық жасаудың салдары еді. Соның сарқыншағынан әлі толық арыла алмай жүрген сияқтымыз.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі республикамыздың конституциясында көрсетілген, қаулы - жарлықтан да кенде емеспіз. Тек соны орындауға қоғамдық сана жетіспей ме, әлде заңды орындаушы өз қандастарымызда құлық аз болғандықтан ба, егеменді ел болғаннан кейін де шетелдік меймандармен тек орыс тілінде сөйлесуден танбай келеміз. Тіпті туысқан Түркиядан келгендермен де алғашында орысша сөйлесіп, ұятты болғанымыз бар. «Германияға келген қазақтар кездесулерде тек орысша сөйлейді. Ондай сөзді бізде немістер де түсінбейді. Осындай кезде намыс оты жүректі күйдіріп, мандайдан шып-шып тер шығады», — дейді Германиядағы қазақ мәдениет орталығының төрағасы Әбдірахман Шетін («Егемен Қазақстан», 12.11.2004). Осылайша ресми басшылықта, шетелмен байланыста, қалалы жердегі мекемелік жұмыста іс - қағаздарын жүргізуде т.б. қазақ тілін қолданысқа ендірмей отырған өз қандастарымыз.

Әділетті тіл саясаты дегенді желеу етіп, орыс тілді жоғары лауазымдылардың мемлекеттік тілді білу деңгейі қаперге алынбады. Соның салдарынан қазақ тілін мүлде білмейтін, мүлде түсінбейтіндердің өзі 10-15 жыл бойы ықпалды қызметте тапжылмай отыр. Ал қазақ тілді азаматтың орыс тілін толық түсініп қояуы жеткіліксіз. Ол орыс тілінде еркін көсіліп сөйлей алмаса, ықпалды орында отыра алмайды. Ондай орындарда баяғы кеңес дәуіріндегідей орыс тілді қазақтар отыруға тиіс деген жазылмаған заң біздің елде ғана бар шығар. «Біз орысша түсінеміз, өзге ұлт өкілдері қазақша түсінбейді» дегенді желеу етіп, тындаушылардың 80-90 пайызы қазақтар екеніне карамай, жи-

налыс пен мәжілісті орыс тілінде өткізуден танбай келеміз. «Жақында бір таныс орыс: «Сіздер Ресейдің отары сияқтысыздар. Үкімет басшылары тек орыс тілінде сөйлейді. Тек олар емес бәріңіз де орысша сөйлеуге тырысасыздар. Сондықтан қазақ тілін үйрену біз сияқтыларға тиімсіз», — деген еді бізге кентаулық зейнеткер Жорахан Төреханұлы. Мұның өзі қазіргі өмір сүрген ортамыздағы ортақ тіл, үстем тіл орыс тілі шын мәніндегі мемлекеттік тіл қызметін атқару үстінде екенін айғақтайды.

Бізде қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне ұғындыру, насихаттау, бұл жолда бірлесе жұмыс істеу жағының әлсіз екенін статистика да көрсетеді. Әр республикада тұратын орыстардың жергілікті ұлт тілін білу деңгейі 1989 жылы мынадай болған: Литвада 33,4%, Арменияда - 32,9%, Грузияда - 22,5%, Латвияда - 21%, Әзербайжанда - 14,2%, Эстонияда - 13,6%, Молдавада 11,2%, ал Қазақстанда 0,8 пайыз ғана болған екен. Өкінішке орай, бұл көрсеткіштен әлі ұзап кете қоймаған сияқтымыз («Литературная газета», 09.10.1991).

Тіл болашағы қазақ мектептерінің жай-күйіне байланысты екінін ескермей, басқа ұлт балаларының қазақ тілін меңгеру деңгейін ауызша емтихан арқылы, ал қазақ мектебін бітірушілерден орыс тілінен жазбаша сауаттылық талап етілуі — орыс тілін үйренуге жасалған біржақты артықшылық. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында балаларын жаппай қазақ мектебіне бере бастап, тіл үйренуге бетбұрыс жасалған еді. Өкінішке орай, одан кейін 5-6 жыл өткесін қазақ тілінің болашағына сенімсіздік білдірушілер қатары көбейіп, баласын қайтадан орыс мектебіне беру белең алған сынайлы. Қазіргі кезде қазақ балаларының жиырма пайыздайы әлі күнге орыс мектептерінде білім алып жүрген көрінеді. Елімізде бір де бір өзге ұлт баласы жоқ, түгелімен қазақ балалары оқитын, мұғалімдері тегіс қазақ жүзге жуық орыс мектебі бар екен. Жакын араласып жүрген бір танысыма «өздерің, балаларың ана тілінде көсіліп сөйлей алмайсындар, тым болмаса немерелерің бүгін болмаса ертең керек тілді ертерек үйренсін, қазақ мектебінде оқытыңыздар», — деп көндіре алмай-ақ қойдым. Орыссыз орта мектеп туралы ақын Әбдірахман Асылбеков:

*Бес жүз үйдей ауылдың,  
Кәдімгідей қауымның  
ішінде бір орыс жоқ,  
Бірақ та бір ғажабы  
Сол елдің бар қазағы  
Орыс мектебін ашыпты  
Сонша неден сасыпты?  
Мың екі жүз баланың  
Бірі орыс балар ма?  
Беріп жүрген сабағын  
Ұстаздарға қарағын  
Кіл қазақтар олар да»,*

— деп, өкінішпен жазған екен. Бұл жағынан да ТМД елдерінің арасында ерекшеленіп отырмыз.

Қорыта айтқанда, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдаланып қазақ тілін ел өміріне батылырақ ендіріп, қазақ тілі шын мәніндегі мемлекеттік тілге айналатын кезді жақындату алдымен өз қолымызда екеніне жұртшылықтың көзі жеткендей. Тіл жанашырларының қазіргі таңда айтып жүргеніндей, өзіміз құрмет тұтпаған тілді ешкім сыйламайды. Халық өз тіліне өзі иелік етпесе, тіл мүддесі жолында жұдырықтай жұмылып, қалың қауым болып күресе алмаса, заңның да ана тілімізді кең өрісті етуге құдіреті жете бермейтінін өмір көрсетіп отыр.

Түркітанушы ғалымдар мен қаламгерлердің айтып келгеніндей қазіргі қазақ тілі — терең ой-толғанысты, үлкен тебіреністі қалтқысыз жеткізе алатын поэтикалық күш-қуаты шексіз, алмас қылыштай өткір әлемдегі ең бай, ең әуезді, ең икемді, ауқымы кең қуатты тілдердің бірі. Қазақ тілінің кемел қуатын айғақтайтын нәрсе оның лексикалық ұшан-теңіз байлығымен, грамматикалық, амалтәсілінің молдығымен қоса дыбыс жүйесінің саздылығы мен тартымдылығы, алымдылығы мен қарымдылығы, оралымдылығы мен өрнектілігі екенін дұрыс пайымдаған әр кезеңдегі ақын-жазушылар, көркем сөз шеберлері әдеби тілді әрлеп, көркем образбен байытып, жүйелеуге үлес қосып келді.

Түркітанушы ғалымдар қазақ тілінің мүмкіндігінің шаш етекпен екендігіне, ағыл-тегіл кең арналығына мән берген. «Қазақ тілі — бай тіл. Мұны ешкім жоққа шығармайды. Ол — 16 томдық Оксфорд сөздігіндей сөздікке сұранып тұрған тіл. Алайда мұны тілге, сөздік түзуге қатысы бар жан-дар құнттамай жүр», — деген сыни пікір айтқан еді белгілі түркітанушы Александр Гарковец («Ана тілі», 06.01.94). Осы күнгі түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік баласы күндердің бір күні айналып қазақ тіліне келмекші, — деген екен Мағжан Жұмабаев.

Енді мұны неліктен еске алып отырмыз дегенге келейік. Қазақ тілі өзінің этникалық отанында қауымдастықтың ресми тіліне, мемлекеттік қарым-қатынас тіліне айналса екен деп 70 жыл бойы армандап келдік. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толыққанды сипатқа ие ету — оны республикалық қауымдастықтың шын мәніндегі ресми тіліне айналдыруды басқаларға тілімізді тынбай үйрету арқылы жүзеге асырамыз. Алайда бұл қатал шара қолдану арқылы емес, емле сөздігін қолайлы етіп жетілдіргенде ғана мүмкін болады. Өйткені өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқып үйренуге ден қоюында, құлшынысы мен ынтазарлығын оятуда, құрмет сезімін тудыруда икемді де сындарлы емле сөздігінің бірінші кезектегі маңызы бар. Басқаша айтқанда, қазақ тілін, басқа ұлт жастарының қабылдау-қабылдамауы көп ретте орфографияны оңтайлы етуге байланысты екеніне оқырманның назарын аударғымыз келді.

Атақты ақынымыз Олжас Сүлейменовтың

«Қуатты орыс тілімен қиын да құрметті бәсекеле төтеп беру қазақ тілінің көгеріп көктей беруі үшін ауадай қажет» деп атап өткеніндей, кәсіптілік пен көптілділік ортадағы тілдердің өзара салыстырмалы бәсекесі — табиғи заңдылық. Одан ешқайда қашып құтыла алмаспыз. Олай болса ата-бабадан мұра боп қалған жас ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді құралы болған әлем тілдерінің ішіндегі ең бір шұрайлы тілімізді жас буынның құлағына құйып, сезіндіріп, құрмет тұтқыза алмауымыз, оны ынта қойып үйренуге құлшындыра алмауымыз неліктен? Бұл тілдің ел өміріне батылырақ енуі үшін қандай қозғаушы күш керек деген сұрақтың астарына үніліп көрейікші.

«Тіл үздік болған жерде — нәтиже де үздік» деп бір оқырманымыз айтқандай, ана тіліміздің осындай көркемдік қасиеті мен тұңғыық тереңдігін жас ұрпақтың танып-біліп, сезінуіне кесе-көлденең кедергі болар орфографиядағы кем-кетікті түзетуді мақсат тұтқанымыз жөн. Мұны тәптіштеп айтып отырған себебіміз, тіпті орыс тілді өз қандастарымыздың арасында да қазақ тілі кедей, оның грамматикалық құрылымы да жұтаң деген көзқарас қалыптасқан. «Тотем» телебағдарламасының бір хабарында Н.Масанов былай депті: «Русский язык выполняет функция общения, а казахский язык не может выполнить эту функцию, так как этот язык — язык кочевников. На этом языке цивилизованные люди не могут общаться. Потому что, не хватает слов для выражения мыслей. Поэтому этот язык должен служить как исторический памятник казахского народа» («Түркістан», 03.04.95). Мұндай пікірдің қалыптасуының қазіргі емле ережесіне қатысты жақтары бар болғандықтан, жаңа орфографиялық сөздікті түзу мәселесіне тоқтала кетпекпіз.

Көп ұлттылығымен, көп конфессиялығымен Қазақстанға ұқсас Малайзия үкіметі, ондағы ғалымдар мен тіл мамандары Малайлықтардың ұлттық тіл мүддесін қорғап, оны толыққанды мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріп, тіл туралы заңды жүзеге асыруды ана тілін үнемі жетілдіріп, жазу нормасы мен емлені бір ізге салу тұрғысынан жүзеге асырғаны біраз нәрсені аңғартады. «Малайзиское правительство осознавало, что для планомерного внедрения малайского языка в многоэтническом обществе было необходимо усовершенствовать сам язык. Лингвисты справедливо полагали, что если его словарный запас будет отставать от современных достижений, то им будут пренебрегать не только китайцы и индийцы, но и сами малайцы» («Каз.правда», 22.05.03). Ана тілімізді оралымды да икемді ететін орфографиясындағы оңтайлы емле ережелері жазу мәдениетімізді дамыта түсудің айқын күштері болумен қатар, тіліміздің кең қанат жаюына да әсер етіп, мемлекеттік тілді үйренерлік қажеттілікті тудыруда маңызды рөл атқармақ. Орфография тіліміздің бет-бейнесі, ажары мен көркі деп айтуымыз да сондықтан. Қай тілде болса да емле түзелмей, істің

өрге баспайтынын өмірлік тәжірибе көрсетіп отыр. Әлемнің бай тілдері санатындағы ана тілінің қамын ойлап, оның қадір-қасиетін жас ұрпақ алдында да, өзгелер алдында да төмендетпей емледегі қайшылық пен кем-кетіктің сыр-сипатына мән беріп, жан-жақты ойластырып, ақаудан аршып, кемшін тұстарын түзетіп, ұтымды түр-тұлғаларды ескеріп, бірлі-жарым сапалы өзгеріс енгізіп қана емлені сапалы түрде ретке келтірудің маңызы ойға келеді.

1940 жылы кирилл жазуына көшкен кезде іргетасы қаланған қазақ тілінің емлесін бір жүйеге түсіруге қатысты пікір таласы толастамай, күн тәртібінен түсіп көрген емес. Тіліміздің жоғын жоқтап, оны жүдетіп-жұтатпай, барынша байытудың нақтылы жолдары қандай, емлеміз қайткенде жақсарады, тілімізді жетілдіріп, көсегесін көгертудің тәсілі қандай деген өзекті мәселе төңірегінде бір-біріне кереғар пікірлер де айтылып жүр. Қайсыбір қаламгерлеріміздің орынсыз жерге пышақ ұрып, даусызды дауға айналдырып, әбден орныққан, қалыптасқан, қайта қарауды қажет етпейтін емле ережесі мен орфографиялық принципті, әлемдік лингвистикада берік орын алған ғылыми қағиданы мансұқ етуі тіл заңдылығын бұрмалаушылықтың жиі көрініс беруі мемлекеттік тілдің мейірін өсіруге, мәртебесін биіктетуге кесе-көлденең болып, қиындық тудырып отырған кемшілікке жатады. Қазақ тілін зерттеуді шынайы ғылыми-теориялық дәйектілікпен шендестіріп, оны уақытқа сай дамытып, көркейтіп, жетілдіріп, емле ережесін ұштай түсу мына төмендегідей мақсатты көздеп діттегенде ғана уәжді болмақ:

Біріншіден, тіліміздің лексикалық қазынасын жұтандатпай, сөз санын азайтпай, керісінше, сөз байлығын сан жағынан еселей, молықтыра, кемелдендіре түсу жағын қаперде ұстап, ойластырған ұтымды.

Екіншіден, тіліміздің грамматикалық амал-тәсілінің жан-жақтылығы мен молдығын, морфологиялық құрылымын икемді, оралымды ету мүмкіндігін қарастырғанымыз оң нәтиже бермек.

Үшіншіден, туған тілдің дыбыс жүйесінің саздылығын, сөздің тұлғалық тартымдылығын төмендетпей, айтылу әуезділігіне нұқсан келтірмейік.

Төртіншіден, мүмкін қадерінше сөздің тұлғалық дербестігін сақтау жағын ескеріп, омоним сөздерді көбейтпей азайта түсу де ана тілімізді көркейте түспек.

Бесіншіден, ана тіліміздің туыс халықтар тілінен одан әрі алшақтай беруіне жол бермей, керісінше, жақындай түскені жөн.

Алтыншыдан, бір ережеге қатысты сөздерді айқындап, топтап, емле ережелерін қолдануда бір принципке негізделген бірыңғай жүйелілік пен сәйкестікті, айқындылықты сақтау жағын қарастырсақ.

Жетіншіден, орфографиядағы өзгеріс емлені қиындатып, тіл үйренушіні шатастырмау жағын есте тұтсақ.

Мұны айтып отырған себебіміз, «Тілімізді қиянат қателіктен арылту төңірегінде» деген тақырыппен баспасөз бетінде мына төмендегідей ой-толғамдар да айтылып келді: «Сөздер аралас буынмен жазылмасын, орыс тілінен енген сөздерді қазақыландырып, ырадый, көмесер, обұлұс, зауұт, уннуөрсөт, үнүстүт,

іреспууліке, пайезіе, етімәлөгіе, демәкір-әтіе, кыймыа, әрміе деп айтуымыз, жазуымыз керек. Ерін үндестігімен жазуды қалыптастыруымыз керек. Кейбіреуге күлкілі де қиын көрініп отырған өлөндөрү, күлкүлөрү, кыйысса (кисса), өзүмүздүн, бүлдүргөнүмүз, ылашшыж (лажсыз) — тіліміздің осыдан бір ғасыр бұрынғы мөлдір болмысы. Енді сол барды мөлдіретіп жазу керек. Бөлтүрүк, дәулөт, сәулө, әуөс, күлдүрөуүшү, түүүрлүгү түрде жазбақ тұрмақ, мұндай сөздерді айтудың өзі өзгеріп, өз тілім өзіме өгей болып шыға келді. Төңкеріске дейін қазақ тілінде атпан келдім, арбамаң көштім, онықы, мұнықы деген сияқты оралымдар болған. Амал не, кейін бұл сөздерді біреу оқулыққа өзгертіп жазып жіберген болу керек. Біз айтып отырған осындай реформа баба тілге баратын болса ғана керек. Бабалар тілін реликт күйінде сақтап қаламыз ба, әлде оны басқа тілдің бодауына береміз бе? Әліпбидегі әріп саны 28 ден аспауы керек» дегенге саятын баспасөзде айтылып келген «сын-пікірлерді» ішінара ескергеннің өзі тілімізді кері кетіріп, оған қиянат жасау десем қателесе қоймаспын («Ана тілі» 22.01.98; 22.01.99; 07.09.2000; 19.04.01; Қазақ әдебиеті» 08.05.98).

Қаламы қарымды журналист, аса беделді акын-жазушы, қаламгер, тіл білімінің белгілі бір саласына қатысты еңбегімен кенінен танымал ғалымдарымыздың, өкінішке орай, орфографияға келгенде, ортақ істі ойсыратар, емле ережесінің орнығып, жетіле түсуіне кесе-көлденең болар, тіліміздің дыбыстық құрылымының даму процесіне тежеу жасап, тосқындық келтірер мұндай ұсыныстары — көзге ұрып тұрған жансақ пікір демеске лаж жоқ. Өзін тілдің жанашыры санап, ал іс жүзінде оның әлемдегі қуатты, бай тілдермен тең дәрежеде екенін танытуға, тілдің қадірін ұғып, қасиетін сезінуге кесе-көлденең болар әрекетке барудан өткен ана тілімізге деген қиянатты атау қиын. Тілді қорғау, оны ұстартып, көркейтіп, байытып, әуезділігі мен тұлғалық тартымдылығын сақтауды басты нысана еткенде ғана оның шынайы жанашыры болар едік. Тек өлі тіл ғана өзгермей, баба тілдегі қалпын сақтап қалады.

Қысаң ы, і дауыстылары анық, айқын емес, көмескілеу дыбысталатын, әнтек қана естіліп қалатын дыбыстар. Көп жағдайда ы, і дыбыстары мүлде естілмесе де оларды үстемелеп жазып жүргендіктен, емлесі тиянақталмай ұдайы талас пікірін тудырып жүргені белгілі. Өкінішке орай, жаңа басылымда да бұл мәселе өз шешімін таба алмаған. Мәселен, редукциялану жолымен ы, і дауыстыларының түсіп қалуына қатысты емле ережесінде белгілі бір жүйе сақталмаған. Әрі аулы — ауылы, даусы — дауысы, қарны — қарыны, ойны — ойыны т.б. варианттардың екі сыңары да жазу нормасына жатады деп көрсету сауаттылықты кері кетіретін өзгеріс демеуге лаж жоқ. Атақты ақынымыз Олжас Сүйлейменов сөзді артық әріптен арылту арқылы оның тұлғалық тартымдылығын арттыруға болатынын әлемдегі ең озық саналатын

орыс тілінің орфографиясынан мысал келтіре отырып «Красота языка во многом зависит от письменного образа слова. Принцип «как произносится, так и записывается» наиболее полно был выдержан в римском письме, а из современных европейских-пожалуй, только в русской кириллице. Этот принцип как главная ценность алфавита должен был быть унаследован и новыми письменностями, возникшими на базе русского. Но вот уже больше полувека казахи записывают многие слова не так, как произносят. Произносим аул, ауз, аур, баур, каун, жаун, а записываем ауыл, ауыз, ауыр, бауыр, кауын, жауын... Как возник этот дикий трифтонг ауы в казахском письменном слове? — дейді («Казахстанская правда», 13.03.1996). Профессор Жұбановтың ы, і қысандарын ішінара ұ дауыстыларын (сұлу (слу), ұмытпа (мұтпа) күмән дауыстыларға (сомнительные гласные) жатқызған екен. Демек сөздің табиғи дұрыс дыбысталуын айтылу әуезділігін, тұлғалық тартымдылығын сақтаймыз десек, өрелі әңгіме сөз тұлғаларын артық әріптен аршу жайында болғаны тиімді. Егер ру-ұру, ауру (зат есім) — ауыру (қимыл атауы), ішек-шек, ысылу-сылу, ішу-шу, тірілік (тірі болушылық) — тірлік (тіршілік) мысалдарындай әр алуан сөздерді ажырату мақсатымен қысаң дауыстыларды үстемелеп жазсақ, оның жөні бір басқа. Профессор Ы.Маманов «қысқа й әрпінен соң ешбір тілде толық и әрпі жазылмайды», сондықтан бұрыннан қалыптасқан баиды, кеиді, мойды сөздерін байиды, кейиді, мойиды деп өзгертіп жазуымыз емлені кері кетіріп тұр, — деп жазыпты («Ана тілі», 19.09.1991).

Бұдан жарты ғасырдан астам бұрын І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев т.б. аға ғалымдарымыздың ерін үндестігін қазіргі қазақ тілі үшін айтарлықтай мәні жоқ, ескіріп қалған заң екенін ескергені — тілдің табиғатына тереңірек үңіліп, алға басушылық пен ауытқушылықты зерделей білгені, көңіл көзін әрірек жүгірткен ғылыми көрегендігі деп білеміз. Өйткені сөздің айтылуы жақсармай, қайта әуезділігі солғындап, құлаққа жағымдылығы кеміп, қара дүрсінділік пен жұтандыққа ұрындырса, оған немқұрайды қарауға болмас. Айталық, күлдүрөуушү, түүүрлұғұ, бөлтүрүк деп айту керек деп үгіттейтіндей, тіпті солай жазуға қызығатындай қандай әдемілік болуы мүмкін. Тілдің де, оның дыбыстық жүйесінің де өскелең өміріміз сияқты үздіксіз дамып, жетіліп отыратын диалектикалық құбылыс екенін ескеруге тиіспіз.

1989 жылы Қырғызстанның Нарын облысында болғанымызда қырғыз ғалымдарынан ерін үндестігі тілдің әуендік, дыбыстық құрылымын жақсартпайтынын, сондықтан, қазақ тіліндегідей өзен, өлке, сәуле түрінде жазсақ қалыптасып кетер ме еді деген пікірді естігеніміз бар. Әрине, ерін үндестігімен жазуға көше қоймаспыз. Бірақ тіпті орыс мектебіне арналған оқулықтарда да сөздің айтылуы сәуле, әуөс, дәулөт деп берілуі шындыққа сәйкес келмейтіндіктен солай айт деп жаңадан тіл үйренушілерді шатастыру жөн емес. Бұдан бір

ғасыр бұрын әлсірей бастаған ерін үндестігі қазіргі тілімізде өз әсерін толықтай жоғалтып алды.

«1957 жылы бекітілген, қазір әбден ескірген «Қазақ тілінің негізгі емле ережелерін» қайта қарап, сөздердің жазылу ұстанымдарына түбегейлі өзгерістер енгізуіміз қажет-ақ». «Ескі ережелер емексіте бермесін, 1983 жылы толықтырулар енгізілген емле ережелеріміз — шынтуайтына келгенде, тіліміздің дамуын ескерусіз қалдырған, оны шегелеп, цементтеп, қаңтарып тастаған ереже», — деп, қазіргі ережені мүлде жарағысыз ету, біздіңше, жаңсақтық. Ең қолайлысы әлемдік лингвистикада берік орын алған ғылыми қағидаларды, ғасыр бойы қолданылып қалыптасқан норманы бұзбай, ондағы емле ережелері мен ұстанымды түбірлі өзгеріске ұшыратпай, ішінара түзету енгізу ғана ұтымды нәтиже бермек. Емлені түбірлі өзгеріске ұшырату тіл табиғатына қиянат болмаса ғана жөн деп айтып жүргеніміз тегін емес. Қазіргі қазақ графикасы ең бір сәтті құрылған ұлттық жазудың бірі деп айтушылар бар. Шындығында, қазақ тілінің орфографиялық сөздігі ұлт мәдениетінің шарықтап өскен шағында, әдеби тілдің жүйеленіп қалыптасқан уақытында, ғылым мен техниканың жетілген кезінде, сонымен қатар ұлт кадрларының саны артып, сапасы жақсарған мезгілде жарық көрді. Бұл дәуірде ұлт тілі ұлт мәдениетін жетілдірудің қызметіне жегілді, соның ең күшті әрі ықпалды құралына айналғаны белгілі.

1963, 1978, 1988 жылдары жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерін» басылым сайын толықтыра түсіп, байқалған бірер кате кемшіліктерін түзетіп, сапасын арттырып, берер өзгеріс енгізген аға ғалымдармыз І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев т.б. сүбелі еңбек сіңірді. Аталған ғалымдарымыздың ұлттық тілімізге жақсы икемделген қазақ емлесін бір жүйеге түсірудің ғылыми негіздерін, практикалық жолдарын іздестіруі аркасында емле ережелерін тұрақтандырып, көптеген сөздің жазылуын қалыпқа келтіріп, ана тіліміздің жазу мәдениетін орнықтырып, жетілдіріп, жақсарта түсуде бұл сөздіктердің үлкен септігі тигені даусыз. Ал осы сөздіктің 2001 жылғы төртінші басылымы осы дәстүрді сақтап, кейбір байқалған кемшілікті түзеп, емле ережесін әлі де болса жаңарта, жақсарта түсуді қай тұрғыда ескерді екен? Әлде мерзімді басылым беттерінде, мінбелерде емлеге қатысты айтылып келген бір-біріне кереғар сын пікірлер ресми түрде шешімін таппай жатып, он ойланып, жүз толғанып реттейтін мәселе азаймай, толастамай тұрғанда тым ертерек, асығыстау қолға алғандаймыз ба деген ойдың көкейде тұратыны белгілі.

Кирил әліпбиімен бір жүйедегі жазу болғанына қарамастан қазақ тілін латын графикасына көшіру неліктен үлкен қиындыққа кезігіп отыр дегенде оның бірден-бір себебі, біздіңше, әріп санын күрт азайтуға барып тіреледі. Әріп санын қайсыбір авторлар 28, 26 тіпті, 24-тен аспауы керек деп жүр.

Бір авторымыз «Компьютер тек 26 латын таңбалы әріптермен жабдыкталады. Сондықтан латын әліпбиіне көшкен кезде әріп саны 26-дан аспауы керек» деп дәлелдепті («Түркістан», 20.06.98). Тек белгілі журналист, республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Сабыржан Шүкірұлы ғана «Қазіргі қолданыстағы әліпбиімізді ең жетілген әліпби үлгісі десек болады. Мұнда ешбір артық ауыс белгілер жоқ, жазу мәнеріне икемді көркем таңбалар 42 таңбаны көпсіну орынсыз», - деп, өз ойын одан әрі тарихи, ғылыми тұрғыда дәлелдеуге тырысқан (Ана тілі, 07.09.2000). Орыс тіліне қарағанда қазақ тілінің әріптері көп. Демек бай тіл деген пікірді де өзіміз оқытқан курсанттардан естіп жүрміз. Солтүстік Кавказдағы кабардин және басқа тілдерде әріп санының 54-55-ке жетуі әсерімен олардың шет тілін меңгеріп, сол тілде сөйлеп кетуі басқалармен салыстырғанда жылдамырақ екен дегенді де тіл зерттеуші ғалымдардан естігеніміз бар. 42 әріпке қосымша құйрықты ж (дж) әрпін қабылдап, джентельмен, джунгли сөздерін жазуда қолдансақ тиімді болмақ.

Біз өз еңбегімізде бұл мәселенің практикалық жағына назар аударып, түркі тілдеріне ортақ латын әліпбиіне көшкенде бейкамдыققа салынбай, тіліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан нормасын бұзбай, сөзді дұрыс сауатты жазуға нұқсан келтірмей, емледегі қайшылыққа жол бермей тыңғылықты дайындықпен көшу жайына көңіл бөлген едік. Оның ең маңызды жолы — әліпбидегі әріп санын азайтпау. Мәселен, бір ғана х әрпін қолдану арқасында қас-хас, қалық-халық, қат-хат, қал-хал, қан-хан, қанша-ханша, қак-хақ, қош-хош, құрма-хұрма, қайыр-хайыр түрінде тұлғалық жағынан ажыратып қолданудың тиімділігі күмән келтірмесе керек. Х әрпімен жазылуға тиіс сөздер әлі де аз емес. Мысалы, дастарқан-дастархан, қаріп-харіп, ракат-рахат, рақым-рахым, ақымақ-ахмақ, қауіпті-хауіпті, дикан-дихан, ақирет-ахирет, рұқсат-рұхсат, ақпарат-ахпарат, ақиқат-ахиқат, бақыт-бахыт, бақша-бахша, бұқара-бұхара, жайбаракат-жайбарахат варианттарының табиғи дұрыс дыбысталған, айтуға жеңілдеу нұсқасы әрі туыс тілдердегі жазу нормасы — соңғы сынарлары. Баспасөзде сөздің табиғи айтылу қалпын сақтап рахмет деп қана жазып жүргенін еш қаперге алмай, сөздікте рақмет деп беруден танбай келеміз. Бұған керісінше, құқық деп тамағын қырнап, айтылуын қиындатып, әуезділіктен жүрдай еткеннен гөрі сөздікте көрсетілген хұқ, хұқық нұсқасын жазуда ескергеніміз жөн. Туыс тілдер деп түркі халықтарының 97 пайызын құрайтын оғыз, қарлұқ, қыпшақ тілдерін айтып отырмыз.

Баспасөздің дәнекерлігінен айтыла келе екшеліп, бірте-бірте орнығып қолданыс айналысына кірігіп, сіңіп кете алған, тіліміздің икемді, көп қырлы бола түсуіне септігі тиер жана атаулардың жана орфографиялық сөздікке енгізілгені - құптарлық жайт (лек, зертас, талқы, тақылдақ, жолбике, жидашы, шерік, самайла т.б.). Болымсыз етістікпен омонимдік қатар құрайтын мінбе сөзінің мінбер нұсқасының алынуы да онды өзгеріс. Бұрын сөзтізбеге енбей қалған сөздер мен тіркестердің, бірқатар ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминнің енгізілуі, бірге жазылатын сөздердің айқындала түсуі жана сөздікті ыңғайлы,

сындарлы етері анық. Бұл үлкен ұжымдық жұмыстың осы аталғандай жетістіктері аз емес. Ал біздің айтайық деп отырғанымыз сөздікті одан гөрі жетілдіре түсуге септігі тиер деген пайымдаудан туған кейбір ой-толғамдарымыз.

Туған тілімізді көркейтуге тамшыдай болса да үлес қосуды мақсат тұтқан жеке қаламгерлеріміздің көнерген сөздердің мол байлығын тірнектеп жинап қолданысқа енгізуі талассыз жатқандықтан болар тіл қойнауында тұнып жатқан әдеби тілге сұранып тұрған асыл сөздеріміздің көбі әлі терусіз жатқандай әсер қалдырады (қышкер, жарын (келесі жыл), дабылкеш, далдан, муалы, пес, жырғау, әпкіш, мосы, елгезер, қысқаш тәрізді). Орыс тілінің орфографиялық сөздігінде 110 мындай сөз берілген. Біздің сөздікте қамтылатын сөз санының одан екі еседей кем болуы мүмкін емес. Қазақ тілінің жан-жақтырақ, байырақ келетін тұстарына әр алуан лексикалық топтан көптеп мысал таба аламыз. Мысалы, орыс тіліндегі сөздікте бес жүздей халық атауы берілсе, қазақ тіліндегі сөздікте елудей ғана. Орыс тілінде көрсетілген түркі халықтары атауынан ғана 27-і біздің сөздікте берілмей қалған. Әрі орыс тілінде корейцы — корейанко, корейский деген секілді үш сөз әр халықта жүйелі түрде берілсе, қазақ тілінде халық атауларының түрленетін сөз саны он беске дейін жетіп жығылатынына қарамастан, көп ретте мүлде алынбай қалып қойған. Тек орыс тілінен бұрмаланып айтылған көріс сөзі ғана алынған. (Бұрындары корей халқы, корей тілі, корей қызы т.б. деп те қалыптасып кеткен еді). Жай ғана көз жүгіртіп қарағанның өзінде мұндай кемшілік көптеп байқалады. Мысалы, моделизм мен мораль сөздерінің аралығындағы бір томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қатарынан берілген 95 сөз сөздікке алынбай қалып қойған. Етістіктің етіс фомасы т.б. туынды сөздерден де қалып қойғаны аз емес. Ажар сөзінің ықшамдалған варианты әр сөзі де мағыналық реңкімен қолдану жарасымдылық табуда. Мысалы, «Ажарынан әр таймай, жүз жасасын қартаймай». Алайда ажарландыру, ажарлылық, ажарсыз, ажарсыздану, ажарсыздық сөздікке алыныпты да, әрлендіру, әрлілік, әрсіз, әрсіздену, әрсіздік сөздіктен тыс қалған. Әпке сөзі әдеби норма десек, одан түрленген сөздердің де сөздікке алынғаны жөн. Екі қыздың біреуі әпкесі, біреуі сіңілісі екенін ескеріп, үйлесімін дұрыс келтіріп, әпкелі-сіңлі деудің орнына апалы-сіңлі деп бергеніміз дұрыс бола қоймас. Сондай-ақ әпке-жездесі (апа-жездесі емес). Апа сөзі орыс мектебіне арналған оқулықтарда 1) старшая сестра, 2) мама, 3) бабушка, 4) обращение к женщине старшей по возрасту делініп әрқалай аударылып жүр. Мұны оқыған орыс баласы қазақ тілі сөзге кедей екен деп ойлап қалуы мүмкін ғой. Керісінше, біздің тіліміз басқа тілмен салыстырғанда туыстық атауларға аса бай. Әдеби тілімізде сөз тіркесімен айтылып жүрген кейбір ұғымның жергілікті жерде атауыш баламасы кездессе, оны әдеби тілдің сөздік құрамын байытатын жана атау ретінде көдеге жарату — тәжірибеде бар нәрсе.

Үйренбегендіктен алғашында жатырқай карағанмен, ондай сөздердің әдеби тілде орнығуы жылдам. Жалпы «біздің ауыл олай деп айтпайды» деген дәлел емес. Мәселен, бір қаламдасым айтқандай, бұрын көбіміз естіп білмеген, бірақ жергілікті жерде айтылатын шайлан, шайлану атаулары - орыс тіліндегі чаевничать, чаепитие сөздерінің балама атауы ретінде әдеби тіл нормасына айналдыруға сұранып тұрған сөздер.

Тағы бір күрмеуі шешілмей келген мәселе күрделі сөздер мен біріккен сөздерді жазудың дұрыс өлшемі табылмай, олардың емлесі әр алуан пікірталас тудырып, қиындық келтіріп келгені белгілі. Өкінішке орай, жаңа сөздікте де біріккен сөздерді беруде бірізділік сақталмағаны байқалады. Орфографиялық сөздікте «екі сөзден құралған тіркестер осы тіркес күйіндегі білдіретін мағынасына ұқсамайтын басқа бір заттың, ұғымның атауы болып келетін болса, бір сөз ретінде біріктіріліп жазылатыны» айтылыпты. Осыған орай арамтамақ, тісқаққан, жанашу, бойұру, алабөтен, қолағаштай, күнгөру, күнара, күйгешті, күнұзақ, күнгөрсетпеу, қолжету, қолғою, қолұзу, белбайлау, белшешу, көгөрім тұлғаларын да бірізділік сақтап біріктіріп жазу тіліміздегі кейбір олқылықты орайластыруға онды ықпал етпек. Бұрынғы айтқанымыздан ескеріп арамтамақ, күнкағар, күншуақ, ақжем секілді біріккен сөздер берілгенмен, әлі де біріктіріп жазуға келетін жүздеген сөздер не қалып қойған (күйгешті, көгөрім) не тіркес сөз боп жазылған. Мысалы, бір сыңары дене мүшесі, адам ағзасы болып келген сөздер біріктіріп жазылады деген ереже бар. Алайда мұнда да белгілі жүйе сақталмаған. Мысалы, қол байлау, қол жету, қол тию, қол сұғу, қол көтеру, қол астында қол қою синтаксистік тіркесінен ажыратып, қолбайлау, қолжету, қолтию, қолсұғу, қолкөтеру, қоластында, қолғою сондай-ақ қоларту, қолжұмсау, қолұзу, қолбөгеу, қолбосау, қолара, алауыз, алағол, алаөкпе, бойбермеу, бойұру, көзжазу, көзсалу, көзтігу, көкбет, көгезу, көкми, көгөрім, көнегөз, ішмерез секілді сөздерді де біріктіріп жазуымыз керек еді. Осыларға ұқсас қолағаш, қолақы, қолтұма, қолбала, қолбасшы, қолбау, қолөнер, қолғап, қолхат, қолғабыс, қолғанат т.б. сөздерді біріктіріп жазып жүрміз ғой. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Тіркестердің беретін мағынасы құрамындағы сөздермен қабыспай немесе бір сыңарының тұлғалық та, мағыналық та дербестігі болмай, толық лексикалынып алған немесе бір ғана заттың, ұғымның атауыш сөзіне айналғандарын біріктіріп жазу арқылы сөздікке енбей қалған біріккен сөздерден туындаған сөз тұлғаларын сөзтізбеге шығарып, тізіп көрсету сөздік қорды байыта, молайта түсетінін жазу тәжірибесі мойындатып отыр. Сөз тіркестерінің лексикалануымен жаңа сөз тұлғаларының қолданысқа енуінен грамматикалық құрылымның да өзгеріп жетіле түсу бағыты сезіледі. Осыған орай, әдеби тіліміздің тұрпат - тұрқын жақсарта түсетін ең қажетті тәсілдер жайында тіл

мамандары мен зерттеушілер жеткілікті назар аударып қоймаған тұстарына қатысты ой-пікірімізді ортаға салайық деп отырмыз.

Кем-кетіксіз тіл болмайды, - деген екен атақты бір ғалым (Нет идеальных языков). Демек емлеге өзгеріс енгізер сәттегі көздейтін басты мақсатымыз - көңіл көзін әрірек жүгіртіп, тіліміздің тартымдылығын төмендететін, табиғилығын кемітетін, кем соғар тұстарын ескеріп барып шешім қабылдау екені анық. Бай да бедерлі, бейнелі, нақышты тіліміздің ертеңін ойласақ, бұл мәселені аттап кете алмаймыз. Мәселен, сөз тіркестері сыңарының энклитикаға ұшырап аффикске айналуы түркі тілдерінде сөз тудырудың ертеден келе жатқан өнімді тәсілі екенін ескеріп, емлеге оңтайлы өзгеріс енгізу мүмкіндігін әлі де болса ойластыра бергеніміз абзал. «Біз деген шынында да жалқау халықпыз ғой. Себебі не айтсақта жатырмыз деген сөзді қосып айтпасак, ішкен асымыз бойымызға тарамайды. Мәселен, мал бағып жатырмыз, жұмыс істеп жатырмыз, отын жарып жатырмыз. Көрдiңiз бе, тiптi отынды да жатып алып жарамыз. Жалқаулықтың бұдан асқан үлгiсi бар ма екен, сiрә», - деген екен бiр редактор («Өркен», 12.12.92). Әзілде де шындық бар демекші, мағыналық дербестігі жоқ сөздердің сөйлемдерде қаптап тұруы тілімізді көркейте алмайтыны анық. Тіл өзінің даму барысында осындай тұлғалардан арылуға тырысып отырған. Сөйлеу тіліндегі мағыналық дербестігі жоқ жатыр көмекші етістігінің қосымшаға айналып, синтаксистік тіркестің кіріккен тұлға түрінде айтылуы - мұның бір айғағы. Демек, сөйлеу тілінде айтылып жүрген бағыватырмыз, істеватырмыз, жарыватырмыз, түсіватыр, келіватыр, беріватыр, көріватыр, айтыватыр, киіватыр, күліватыр, естіватыр, өтіватыр, сұраватыр, оқыватыр секілді кіріккен тұлғасын сақтап жазу емледегі сапалы өзгерісті танытатындықтан, өзге ұлт өкілдеріне тілімізді үйретуді жеңілдетер еді.

Жарыспа сөздердің бірін ғана әдеби норма деп анықтарда олардың морфологиялық тұрғыда жетілген сыңарын таңдау көптеген тіл тәжірибесінен белгілі. Мәселен, кележатырған - келе жатқан - келеятқан - келатқан, бара жатырған - бара жатқан - бараятқан - баратқан секілді қазіргі сөйлеу тілінде айтылып жүрген сөздің төрт нұсқасының алдыңғысы ең ертеректе айтылған сөз формасы. Бұл жарыспа варианттардың морфологиялық жағынан дамып, кіріккен сөзге айналған үшінші я төртінші нұсқасын санаулы ғана аудан тұрғындары тіліне тән ерекшелік екеніне қарамастан, анағұрлым епетеілі сөз формасы ретінде әдеби тіл нормасына жатқызуымыз ұтымды болмақ. Олар екі жағымызды орап бараятыр (С.Мұқанов). Қайда баратқанын тек Мұхаммедия ғана біледі (Ғ.Мұстафин).

80-жылдары Алматыдағы бір орыс мектебі оқушысының сыныптағы қазақ балаларының да ана тілін үйренуге құлқы болмай, күліп, мысқыл-

дап, сабактын дұрыс өтуіне кедергі жасайтынын өкінішпен жазғаны есімде. Расында да отын жарып жатыр деген сөз тіркесін орыс баласына ұғындыру қиынның қиыны. Неге жатыр? деген сұрақтың оның көкейінде тұрағы анық. Бір қаламдасым түркі тілін зерттеп жүрген Дания елінен келген ғалымның Ұйықтап жатыр дегенді түсінуге болады. Ал неліктен келе жатыр. Жүріп келе ме, әлде жатыр ма? - деп тандана сұрай бергенін еске алады. «Ана тілі» газетінде келе жатыр, бара жатыр деп біріктіріп жазып жүргені де тегін емес. Ал ең тиімдісі — бұл сөздің тілімізде айтылып жүрген кіріккен тұлғасын орнықтыру.

Емле ережесінің кемшін тұстарын түзетіп, сөздің ұтымды түр-тұлғасын әдеби тіл нормасына айналдырудың тағы бір тәсілі — тіліміздегі дыбыс үндестілігі заңын ескеру. Сөз тіркестерін жазылуы бойынша сірестіріп, дақпа-дақтап айту, өкінішке орай, тіпті актерлер мен диктордың, оқытушылар мен зиялылар аузынан да естіліп қалады. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен ыңғайласып келуін сақтап, өзара үйлесімін бұзбай дыбыстаудың тиімді тұстарын емледе пайдалану дұрыс сөйлеу дағдысының қалыптасуын көп жеңілдетер еді. Осы тұрғыдан жақсы көреді тіркесіне екі басқа мағына үстемелеп қолдану (көз жанары әрі ұнату) тіл үйретуді қиындататынын тәжірибеден байқап жүрдік. Ең өкініштісі оқырмандар ынтасын арттырмайды. Сырт көз шыншыл. Осы кем-кетіктің орынның толтыру мақсатымен, көзі жақсы көреді, алыстан жақсы көреді, түнде жақсы көреді деген синтаксистік тіркестен ажыратып, фонетикалық принципті ұстанып, анамды жақсыгөрем, ұлыңызды жақсыгөресіз, шәкіртін жақсыгөреді, ұстазымды жақсыгөреміз, театрды жақсыгөрем деп кіріккен тұлғасын ұсынсақ, әдеби тіліміз үшін анағұрлым тиімді болар еді. Сонда ғана жақсы көресіз бе, жақсыгөресізбе? дегенді ешбір қосымша анықтама-сыз, контекссіз-ақ ажырата алады.

Келеді мен геледі сөздерін ажыратып жазу да осындай принципке негізделмек. Қалау райды білдіретін көмекші сөз әрдайым геледі деп қана айтылады. Мұрат келеді, Қуат келеді, автобус келеді секілді синтаксистік тіркестегі мағыналық дербестігін сақтаған келеді етістігінен ажырату үшін фонетикалық принципті ұстанып оқығым геледі, көргісі геледі, барғың геледі, билегім геледі, үйренгім геледі, отырғыңыз геледі деп жазу ұтымды болмақ. Көсемше формасында бұл аталған сөз тіркестері кіріккен түбірге ұқсап та айтылады: оқығымгеп, көргімгеп, барғыңгеп, билегімгеп, үйренгімгеп.

Біріккен сөздерді көгөніс, көгет, қыргүйек, шегара деп фонетикалық принципті ұстанып жазу - құптарлық жайт. Алайда мұндайда белгілі бір жүйені сақтап ағжем, күнғағар, бірғатар, өнергәсіп, әрғашан, әргім, кәсіводақ, жегжат, кәріғыз, екіғабат, бірғазан, әлдеғайда, әлдеғандай, кезғұйрық, неғып, әлдеғалай, әрғашан деп басқа да біріккен сөздерді түзетіп жазсақ, сауаттылық артып, әрі дыбыс үндестігін сақтап айтуға дағдыландыра түсер еді. Өкінішке орай, бір сынарының мағыналық дербестігі жоқ сөз тірекестері басқа туыс тілдермен салыстырғанда қазақ тілінде көбірек қолданылып жүр. Мәселен, ұйғыр тіліндегідей жазудың фонетикалық принципін ұста-

нып сативалмақ (сативалмақ), кекивалмақ (қағывалмақ), қичкиривалмақ (шақырывалмақ), өткүзүвалмақ, киләлмиди, чикивалди дегенге ұқсас өткізівалу, келалмады, қағывалу, шығывалды деп жазсақ, қай жағынан да қолайлы болар еді. Немесе, орыс тілінде ең жиі айтылатын купил, встретил сөздерінің қазақ тіліндегі атауыш баламасы жоқ дегенге сену қиын. Оқырман бұл сөздерді сөздіктегі реестрден тауып алу үшін сативалды, карсалды деп біріктіріп жазсақ, олардың туынды тұлғаларын да сөздікке алсақ мәселе өз шешімін таппақ. Өте мәте осы аталған мағыналық дербестігі жоқ жатыр мен алды сөздерінің жазылуын реттеу арқылы қазақ тілінің емлесін жақсартып, оңтайлы етіп тілімізді көркейте түсер едік.

Сөз тіркесінің тіліміздің даму барысында ықшамдала келіп кіріккен тұлғаға, атауыш сөзге арналуы — жалғамалы (агглютинативті) түркі тілдерінің баршасында қалыптасқан дағды, заңдылық. Мәселен, тұра келді-түрегелді, бара тұрған — баратын, жоқ алды — жоғалды, көк пен көк - көкбеңбек, бүгін - бұл күн, биыл - бұл жыл, өйдеуінің — олай деуінің, өстіп - осылай етіп, ышқыр - іш құр, бүйтіп - бұлай етіп, бүйдеді - былай деді, сүйдеді - солай деді, неғып - нағып, әрмен - әрі таман, бермен - бері таман, ойпырмай — ой пірім- ай, япырмай - я, пірім-ай, ойбай - ой, Ұмай- ай, алып кел - әпкел- әкел, алып бар - апар, олай етіп - өйдеп, бұлай етіп - бүйдеп деп сөздің толық тұлғасын да, оның ықшам, кіріккен нұсқаларын да, қатар қолданып жүргеніміз тәрізді сол жақта - со жақта - сояқта, бұл жақта - бұ жақта - бұяқта, ол жақта - о жақта - ояқта, сол жерде - со жерде - сөйерде, бұл жерде — бұ жерде - бүйерде, ол жерде - о жерде - өйерде, қай жақта - қаяқта жарыспаларын қатар қолданып, кәдеге жарату да сөздік құрамды молайта түспек.

Біріншіден, сояқта, бұяқта, ояқта, қаяқта кіріккен сөздері халқымыздың 85 пайызының сөйлеу тілінде кездеседі. Қазақтар қалың шоғырланған оңтүстік пен батыс облыстары, Орта Азия мен Шығыс Түркістан тұрғындары қолданатын сөз.

Екіншіден, бұл сөздердің қолданылуында айырмашылық та жоқ емес. Мысалы, сояқта сөзі сол айтылған жерде деген мағынаны ғана білдіреді. Сол жақта дегендегі сол қолға бұрылған жақта қосымша мағынасын білдірмейді. Алып кел- әпкел - әкел сөз варианттарын қолдануда да осыған ұқсас айырмашылықты байқаймыз. Осылайша уақыт озған сайын сөйлеу тілінің ауанына қарай ықшамдала келіп, сөз тіркестерінің кіріккен тұлғаға айналып отыратынын байқаймыз.

Халқымыздың басым көпшілігінің сөйлеу тілінде барған сайын көбірек айтыла бастаған осы типтес лексикаланған тұлғалар мен олардан түрленетін туынды түбірлер сөздік қазынаның баюы мен морфологиялық амал-тәсілдердің жетілуі бағытын танытатын тілдік құбылыс ретінде әдеби тіл өлшеміне жатқызылып, нормативті сөздіктен көрініс табуға тиіс.

Тіліміздегі сөз санын кемітудің тағы бір түріне туынды сөздерді дұрыс қолданбау жатады. Қазіргі күнге дейін қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарының өзінде де туды - туылды секілді екі түрлі мағынаны білдіретін сөздің алдыңғысы ғана қолданылып келеді. Мүмкін орысша ойлайтын өз балаларымыз осыған да күле ме екен. Адам өзін өзі тумайды ғой. Біздің бәріміз өз шешемізден туылдық емес пе? Ер адамды туды деуіміз қалай деген секілді сұрақтар ойға келетін шығар. Орыс тіліндегі ұғымға балама іздеуді мақсат тұтсақ, тілімізде бұрыннан бар сөз формасын ескерусіз қалдырудың реті жоқ. Родила- туды, родился — туды, родилась — туды деп аудару — тілімізді қадір тұтуға, оның көл-көсір байлығын сезінуге кесе-көлденең болар нәрсе. Басқа етістіктер секілді туды етістігінен де етіс формалары түрленеді, Айдан ұл тудырды, күннен қыз тудырды (Қолдан келгеннің бәрін істеді, болдырмасы болдырды) дегендегі тудырды - өзгелік етіс. Туылды - өздік етіс. Қасы қара қиылған, Жаннан артық туылған, қара көзі мойылдан, көрген адам тойынған (Батырлар жыры); Ұл тудым ұятын туғам жоқ, қыз тудым қылығын туғам жоқ (Мақал); Біреудің тағы асып туылады, біреудің бағы асып туылады, Біреудің жағы асып туылады (Қыдыралы би); Амангелді батырдай анадан бала туылды (Н.Байғанин); 9 май - өзімнің туылған күнім («Лен.жас»). Мені туған анадан сіз де туылған едіңіз ғой (Ә.Әбішев). Осы мысалдарда туды-туылды сөздері өз мағынасында дұрыс қолданылып тұр.

Туыс тілдердің бәрінде туды — туылды ажыратылып қолданылады. Қазақ тілі сөздіктерінде де бұл екі сөз ұдайы қатар алынып келгеніне қарамастан, баспасөзде аталған кереғар екі ұғымға бір сөзді телуден танбай келеміз. Бұдан ұтылмасақ ұтпаймыз. Қайсыбір қаламгердің ешбір дәлел таппағасын туылды қолданудан шығып қалып, туды жаппай қолданылып кетті. Өмірдің өзі алып келген мұндай түзетуден бас тартуымыз томпақтау болар. Ер адамның «мен тудым» дегеніне ешкім сенуге тиіс емес. Демек туды етістігінің омонимдігінен үрқудің қажеті жоқ. Туды сөзі етістіктің басқасына түрленгенмен, өздікке көне қоймас деген пікірлермен келісе қою қиын. Қаншама дуалы ауыз айтқанмен, туды-туылды сөздерінің мағыналық айырмашылығын теріске шығару мүмкін емес. Бірде қызы шешесіне «Апа, мені неге құттықтамайсың? Бүгін менің туған күнім ғой» дегенде, шешесі «Сен емес, мен туғанмын, мені құттықта. —Сенің менен туылған күнің»- деп, әзілмен жауап бергені есімде. Демек, туған шешесі, тумаған әйел, бірақ туылған күні, туылған жылы. Тағы бірде сөздік түзу барысында, Маржан қараша айында туған деген мысалдың басқа беттегі жалғасы өшіп қалғандықтан, талас тудырғаны бар. Маржанның өзі жайында ма, әлде одан туылған баласы жайында ма деп. Кейінірек анықталғандай, сөйлемнің жалғасы «...туған баласын дәрігерге көрсете алмады» екен. Демек кереғар екі мағынаны бір сөзбен атамай, оларды ажыратып, жеке сөз тұлғасын қолдансақ,

мұндай түсінбеушілік те болмас еді. Сөздік түзу барысында язык — речь, взял — получил сөздерін ажыратып қолданатын баламаны, свежий сөзінің баламасын туыс тілдерден де іздестіріп таба алмаған кез болды. Мұндай дәл аудармасын табу қиындық келтіретін сөздер қазақ тілінде де, орыс тілінде де аз емес. Демек балама сөз табылмаса амал жоқ, ал бар сөзді жоғалтпай, тіліміздің лексикалық қазынасын сөздік құрамын жұтандатпай, керісінше, оны толықтыра түсу — тіл жанашырларын бей-жай қалдырмайтын игі мақсатымыз. ішкі қойма көздерін өз мәнінде пайдаланып, әр ұғымға, бір мағынаның әр алуан ренкіне сай жеке сөздерді тандап, саралап, тұлғалық жағынан ажыратып атауға ұмтылу — тіл-тілдің барлығының даму барысында байқалатын заңдылық. Тілдің байлығы ондағы сөздің санымен өлшенетінін жете ескермегендіктен, көп томдық сөздіктерде де туынды сөздерді жүйелі түрде толықтап бере алмай келеміз.

Жаңа сөздікте тілімізге әбден сіңісті болып кеткен кірме сөздердің (завод, поезд, товар т.б.) емлесін өзгертіп бұрмалап жазғанынан ешқандай онды өзгерісті көріп тұрғанымыз жоқ. Қазақ тілінің емле ережесіне өзгерістер мен түзетулерді, оның жаңа жобасын пуристік пиғылда ұсыну ешбір сын көтермейтін қателерге ұрындырып, сауаттылық пен жазу мәдениетін мансұқ етуге итермелейді. В дыбысының артикуляциясы астыңғы ерін мен үстіңгі тістің түйісуінен жасалатындықтан, үстіңгі тісі қаусап түсіп қалған орыстар да в-ны айта алмай тауар дейді.

Ана тілін шұбарламай, оның саф тазалағын сақтаймыз дегенді тілге тиек етіп, кірме сөздердің әрқайсысына балама табамыз деп, оларды жаппай «қазақы қалыпқа келтіріп» жазуды науқандыққа айналдырып, қалыптасқан, даусыз ережелердің өзін мансұқ ету бой көрсете бастады. Балама деп табылған қайсыбір сөздердің білдірер мағынасында айқындық, дәлдік, тұрақтылық жетіспейтіндіктен, термин сөздерге байланысты талас пікірлер толастамай отыр. Әйтеуір қазақыландыруды ниет етіп, әсірелеу — гипербола, шарықтау — кульминация, бейне — образ, кейіпкер — персонаж, құрылысы — композиция, түспал — символ, аллегория түрінде сирек қолданатын термин сөздерге тіліміздегі қарапайым сөздерді балама етіп телігенмен, оларды есте сақтау мүмкін емес. Академик Р.Сыздық: «Қазақ тілінің сөздік қазынасына үңіліп, оны сұрыптай түсу, байыту және нормаландыруға бет алған» бағытты құптай отырып, бірақ «бұл әйтеуір орыс тілінен алынған сөздерді тілден аластату ниетінен туған әрекет» болмау керек деп ескерткен еді («Ана тілі», 19.12.91).

Араб, иран тілдерінде сөйлейтін орта бізде болған емес. Сондықтан оларды орыс тілімен салыстыруға келмейді. Орыс тілін білу — заман талабы. Француз, неміс, испан тілді халықтар ағылшын тілінен ауысқан сөздерді еш өзгеріссіз түп нұсқасын сақтап жазады екен. Көстілділік пен

көптілділіктің жоғары мәдениетіне ұмтылған, соны мақсат тұтқан біздің де қазіргі тұрмыс-тіршілігімізге ортақ тіл орыс тілі арқылы енген сөздерді сол тілдегі емлесін мүмкіндігінше сақтап жазу, дыбысталуын өзгертпей айту — тіптен де орыс тіліне орай желу, тіл тізгінін қолдан беру емес. Керісінше, тіл мәдениетін, оқушылар сауаттылығын арттырудың бірден-бір тиімді жолы. Заңғар жазушы М.Әуезовтың «Орыс сөздерін бұрынғы, ол тілдерден жырақ тұрған, оқымаған кәрі әжелердің айтуына апарып, қайта салып отыру жөн емес» дегені еске түседі (Әуезов М., Шығ. жинағы, 19 т., 263 б.). Орыс тілі арқылы тілімізге кіріп әбден сіңісті болып кеткен сөздердің емлесіне байыппен қарамай, оларды жаппай «қазақшалаудың» жазу мәдениетін кері кетіретінін кезінде профессор Қ.Жұбанов та ескерткен екен: «Орфография терминов под соусом подчинения звуковым законам казахского языка настолько искажалаись, что сами термины стали неузнаваемы и никому непонятны» (Х.Жұбанов, «Исследования по казахскому языку», Алматы, 1966, стр.268).

Кірме сөздерге балама табамыз деп, сөздік құрамдағы сөз санын азайтып алған кезіміз де жоқ емес. Мәселен, проспекті мен даңғыл — мағыналық жақындығы жоқ, кереғар екі ұғымды білдіретін сөздер. Проспект — үлкен қаланың ұзын да түзу, кең көшесі болса, даңғыл сөзінің қазақ ұғымындағы тура мағынасы — тапталып тегістелген кедергісіз сара жол. Мысалы: ғылымда даңғыл жол жоқ. Өз ісінің шебері сұңғыла, төселген мағынасын білдіретін ауыспалы қолданысы да бар: даңғыл адам. Даңғыл — сындық ұғымды білдіреді, ал проспекті — зат есім. Даңғыл жол, даңғыл адам дейміз. Ғасырлар бойы шақар тұрғызып келген туыс халықтар да француз тілінен енген проспекті сөзін өзгеріссіз қабылдаған. Сондай-ақ ветеран — зат есім де, ардагер ең аяулы, ең қадірлі, ардақты дегендей сындық ұғымды білдіреді. Аулымыздың ардагер ветераны Жұман қария майданнан бір аяғынан жаралар болып қайтса да еңбектен қайтқан емес («Лениншіл жас») деген сөйлемдегідей соғыс, еңбек ветерандарын ардагер деп атап, ардақ тұтатынымыз белгілі. Мағыналық жақындығы жоқ екі сөздің бірін ғана қалдырамыз деу қисынға келінкіремейді. Ветеран сөзінің кәрі шөнге деген қазақша анықтамасы болған. Ал ардагер атану үшін кәрі болу шарт емес. Ардагер Амангелді — елдің ері (Жамбыл), Арқаның ардагері Ақансері дегендегі ардагер кәрі деген ұғымды білдіріп тұрған жоқ. Демек ветераннан басқа да ардагерлер бар ғой. Мысалы, көп балалы ананы (мать-героиняны) ардагер ана дейміз. Ардагер атауының ардақ, ардақты, ардақтау сөздерімен ұялас екендігі белгілі. Арда сөзі жылқыға байланысты арда құлын, арда құнан, арда дөнен тіркестерінде кездессе, адамға қатысты ерке, бұла, емін-еркін деген мәндерде де қолданылады. Демек, арда өскен баланың есейгенде елге еңбек сіңіріп ардақ ер (ардагер) атануы күмәнсіз», — дейді Байбота Серікбайұлы («Көк аспан, қара жер», №8, 2001).

Транспорт атауын да сөздіктен көре алмадық. Транспорт машина, автобус, трамвай, т.б. болса, көлік атауының ат, түйе, өгіз, есекке қатысты айтылатыны белгілі. Мысалы, «Көше алмаған көлік өлтіреді, сөйлей алмаған сөзді өзіне келтіреді» деген халық ма-

калындағы көлік транспорт мағынасынан мүлде алшақ ұғымды білдіріп тұр. Бір тілдің бір тілді үстемелеп, байытып отыратыны — барлық тілдің даму тарихында орын алатын заңдылық. Бұл жөнінде жазушы Герольд Бельгер былай дейді: Русский язык решительно берет в полон иноземное слово и очень скоро делает их верноподданными. Никому теперь нет дела до того, что фонарь, кукла — греческого происхождения; лагерь, штурм — немецкие слова; партизан, атака — французские; революция, консультация — латинские; лошадь, каблук — тюркские и т.д. («Простор», №2 1990, стр. 180). Шетелдік ғалымдар ағылшын тілінің 40 пайызы ғана өз төл сөздері екенін айтады. Е.Н.Шипова «Тюркизмы в русском языке» атты еңбегінде орыс тіліне енген екі мыңдай түркі тілдерінің сөзін келтірген. Қазіргі зерттеушілер ондай сөздерді 4-5 мыңнан кем емес деп жүр. 70-80 жыл бойы тілімізде қолданылып жүрген орыс тілінен енген сөздерді мейілінше бұрмалап, емлесін өзгертіп жазудың орысшаға жетік жастар үшін қазірге дейін қолайсыз болып, шатастырып, сауаттылықты кері кетіретінін тәжірибе көрсетіп отыр. Өйткені ертеректе кірме сөздердің сөйлеу тіліндегі нұскасы көп болатын. Бірде оқытушы студенттерге іреспүүлйке сөзін, 2-жолы етімәләгіе сөзін, тағы бірде үннуәрсәт сөзін алдымен анықтап көрсетіп, артынан жаздырғанда бірде-бірі есіне сақтай алмай, бұл сөздердің әлденеше нұскасын келтірген екен. Ал мұндай есте сақтауы қиын жүздеген сөздер болса ше? Онда сауатты жазудың мүмкін болмай қалары анық.

Орыс сөздерінің дыбыстық өзгеріске ұшырап жазылуының ұтымды тұстары жоқ емес. Айталық, телефонмен хабарласу мағынасын білдіретін звонить ету — звондау-звандау жарыспа тұлғаларының айтуға әрі әралуан сөз тудыруға қолайлысы, күнделікті жиі еститініміз — соңғысы. Әрі званда түбірінен званда+у+шы+лық, званда+т+у, званда+ған+с+у, званда+с+у түрінде оннан аса сөз тұлғалары туындайды. Өйткені, званда — күнделікті тұрмыста ең жиі айтылатын сөздің бірі. «Сізге званда деген өтінішімен хабарлап тұрмын» (Қ.Мұқаметжанов). «Дос-жарандары звандаған екен» (Т.Әлімқұлов). Олай болса тіліміздің морфологиялық заңдылығына үйлестіріп, ішкі икем-орайына иліктіріп, шебер қабыстыру арқылы енген, тілімізде балама атауы жоқ, төл атауымыздай жатық естілетін званда сөзінен ат-тонымызды ала қашуымыз халқымыздың ғасырлар бойы көңіліне түйіп, қастерлеп келген асыл қазынасы ана тілімізді жүдетіп-жұтатқандық емес деп кім айтады. Өйткені сөйлеу тіліндегі телефон соқты, телефон шалды тіркестері званда сөзінің бейнелеуіш, сипаттама атауы ғана болғандықтан, атауыш сөз ретінде сөздіктерде реестрге алынбайды.

Кірме сөздердің түп нұсқасын сақтамау тұлғалық дербестігі жоқ сөз формасының көбейіп кетуіне итермелеуі мүмкін. Мәселен, ерте кезден бергі сөйлеу тілінде орус, урус, орыс болып атауына қарамастан, туыс тілдердің бәрінде әдеби норма ретінде рус атауы алынған. Бұрынырақ қаза-

қыланып қалған, тіліміздің өз табиғатына, дыбыстық құрылымына сәйкестеніп төл сөзіндей болып кеткен үнді, ауған, орыс атауларын өзімізге етене жақын қарақалпақ тілінде сөйлеу тіліне жатқызып, әдеби тұлға кінді (хинд), афған, рус деп алынуы тегін болмаса керек. Өйткені тұлғалық дербестігі жоқ, сын есіммен (асқақ үнді, зор үнді), есімшемен (қонысынан ауған, түс ауған кез), ортақ етіспен (шөп орыс, астық орыс) омонимдік қатар түзейтін, әрі айтылуы тым қарабайыр үнді, ауған, орыс сөз формасын әдеби өлшемге жатқызғаннан ұтқанымыз шамалы. Рус сөзін ертеректе қазақ зиялылары да қолданып келген. Русша оқу жайын сөйлегенде, қазақ бұл оқуларды қалай оқып жүргенін айтамын (А.Байтұрсынұлы). Кірме сөздерге баламаны туыс тілдерден іздестірген ұтымды болмақ. Айталық, әуелде лексикалық вариант ретінде жарыса қолданылған сабақ — дәріс, аударма — тәржіме, сөздік — лұғат, қала — шақар қазір синонимдік қатар құрайды. Рус (халық) — орыс (ортақ етіс), пахта (зат есім) — мақта (етістік), дүние (зат, мүлік) — дүниа (өлем), ет (денедегі) — гөш (тағамға жарататын), көрші (етістік) — хошна (зат есім) секілді омонимдік қатардың тұлғалық даралануына септігі тиер сөздер қаншама. Мұхаррир — редактор, пайза — пропуск, жамша — бокал, махалла — квартал, мақлұхат — фауна, раис — председатель, жұмхұрият — республика, мәркізі (центральный комитет) секілді орыс тілінен енген атауларға балама болуға сұранып тұрған сөз қаншама. Маршағай, жазана, тарихаят, талаба, айван нәзір, низам, парху, сиан, ашадды, хауз, ижад, мұхтариат, мұхтарам, ежадгер секілді тілімізге бұрын балама атауы болмаған жаңа сөздермен сөздік құрам байи түспек. Талдама, жайма, сызба, зерттеме, барлама, қондырма тәрізді болымсыз етістіктен омонимдік қатар құрайтын тұлғалық дербестігі жоқ атаулардың да заттық мағынасы контексте ғана анықталатындықтан, оншалық ұтымды болып тұрған жоқ. Мұндай сөздер — түгелдей дерлік орыс тілінен калька тәсілімен аударылған балама атаулар. Сондықтан туыс тілдерді салыстыра зерттеу барысында бұл аталған сөздерден гөрі сәттірек, жарасымдырақ баламаның табылу мүмкіндігін есте тұтқанымыз абзал деп ойлаймыз. Терминдерді халық тілінің табиғатына лайықтап, ұлттық ұғымға, санамызға түсінікті етіп, өзімізге жақын туыс тілдерден алған сіңісті болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Мәселен, бас сөзін орыс тіліндегі главный, генеральный, глобальный, голова, головной сөздеріне телінген жалғыз ғана балама дегеннен гөрі, туыс тілдерден іздестірсек, таба алатын шығармыз. Немесе семья сөзіне ойдан жаңуя деп сөз қиыстырғаннан гөрі түркі тілдерінің көбіне ортақ әйле сөзін қолдануға қандай кедергі болуы мүмкін. Туыс тілден енген мәтін, пайыз, ұшақ, мүшәйра, т.б. сөздер бірден-ақ сіңісті болып кетті емес пе.

Тіліміздің сапалық даму мәселесі төңірегінде ортаға салған бірлі-жарым ой-пікіріміз қайсыбір

оқырман қауымға алғашында үйреншікті дағдыдан кереғарлау, тосындау көрінуі мүмкін. Дей тұрсақта, шынтуайттап келгенде, түптен-түбінде емлені жетілдірудегі онды өзгеріс осы тақылеттес бағытта болатынын қуаттап, қолдау білдіретін жас каламгерлер табылар деген ойдамыз. Басқа ұлт өкілдерімен қоса, орыс тілінде білім алушы өз қандастарымыз қазақ тіліне мұрнын шүйіріп қарама-сын, әзіл-мысқылға жол бермей, тілімізді күрмет тұтып, оны ұлықтап үйренуге деген ынта-ықыласын кемітпесін, өз тілін өзекке теппесін, өз тілінде сөйлегенді намыс көріп, қор санамасын десек, емлемізді ұштай түсудің епетеілі тұстары мен тетіктеріне мән берейік. Келісіп пішкен тон келте болмас дегендей, ана тіліміздің көсегесін көгертуге ат салысып, аянбай еңбек етіп жүрген озық ойлы, зерделі зиялыларымыз, тіл мамандары, журналистер, баспа орындары — күллі каламгерлер ақылдасып, кеңесіп бір мәмілеге келіп, ортақ ісімізді дұрыс жолға қоюда күш біріктіріп, күрмеуі күрделі мәселені зейін қоя зерделеп, орнықты, әділ пікірін айтып, ұтымды жолды табармыз деп сенеміз.